

УЗБЕКИСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ ТЭЛІ МІ УЭЗІРЛІГІ

**НАУАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**«Қазак диалектолгиясы»**  
пэнінен лекция мэтендері

Науай 2006

Жинақтаған: оқытушы Кумакбаева Г.К.

Пікір жазушы: аға оқытушы Айменова Е.

Лекция мәтіндері кафедранын 2005 жыл декабрь айындағы  
5-сан жиналысында талқыланған

## Стилистика пәні және оның объектісі, жалпы мәселелері.

### Қарастырылатын мәселелер:

1. Стилистика курсының міндеті мен мақсаты.
2. Жалпы халықтық тіл және оның формалары.
3. Стилистика тармақтары.
4. Стилистика салалары мен объектілерінің өзіндік белгілерін анықтау.

Стилистика—тіл білімінің бір саласы. Оның тарихы әріден басталғанымен,-қазақ тіл білімінде стилистика мәселелерін зерттеуге жаңа-жаңа көңіл бөліне бастады. Казак тілінің стилистикасы- лингвистикалық пән.Бұл пән фонетика, лексикология, фразеология, семасиология, морфология және синтаксиспен тікелей байланысты оқытылады. Стилистика пәнінің негізгі мақсаты-тілдегі стил түрлері мен тілдік құралдардың ауызекі және жазба түрде қолданылу жағдайлармен таныстыру.Сондықтан да студенттер жалпы тілінің –стилдік жүйелерін, тілдің –ауызекі және жазба түрлері, олардың өзіндік белгілері, тілдік құралдардың мәнерлілігі, тіл ерекшеліктері мен олардың қандай қалыпта және стилдік қай түрінде, қолданылатындықтан теориялық білім мен практикалық дағды алады. Стилистикалық негізгі ұғым –стиль. Стиль –латынша уео *қазақша –жазу құралы* деген сөз.Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Оның осы мағынасы Европа білімпаздарының арасында –көп тараған. Орта ғасырларда Грецияда, Римде стиль-сөзге сендіру, нандыру тәсілі, стилистика –риторика *шешендік* өнері болып саналған. Үнділер стильді мәнерлеп сөйлеу, ал стилистиканы мәнерлеу туралы ғылым деп есептеген. Сөйтіп, лингвистика –«стиль» жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданып келгендігі. Стилистика –ең алдымен стиль туралы ғылым. Стиль деп белгілі бір тілдегі –лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз.Бір ұғымды айтып не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады.

Стилистикалық негізгі объекті – стиль түрлері мен тәсілдер тұтастығы. Пәндік мазмұнына қарай теориялық стилистика, және практикалық стилистика болып топтастырылатындығы. Зерттеу объектісіне қарай жалпы стилистика, жеке стилистика, тарихи болып бөлінетіндігі . Жалпы, жеке және стилистика тарихының анықталуы, -жалпы сипаттамасы, объектісі мен қарастыратын мәселелері, фонетикалық, лексикалық, семасиологиялық. Фразеологиялық, морфологиялық және синтаксис стилистикалар. Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, оның бар жолдарын қарастырса, стилистика сөздердің қолданылу заңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік тұрғыдан дұрыс пайдалану принциптерін зерттейді.

### Семасиология және стилистика.

Семасиология – тіліміздегі бейнелегіш тәсілдердің мағынасын, оның өзгеру, заңдылықтарын зерттейтін ғылым. – Семасиологиялық стилистикалық міндеті – тіліміздегі бейнелегіш құралдарды топтастырып олардың стильдік қызметін , қолданылу заңдылықтарын көрсету.

### Грамматика және стилистика.

Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу объектісі ете алады. Ол грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды.

1. Морфологиялық сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, яғни сөздердің құрылысын , өзгерілуін және құрамын талдап топтастырады.

2. Синтаксис сөйлемнің құрылысын , сөздердің тіркесу заңдылықтарын қарастырады. Ал, ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолданылу тәсілдеріне қарай әр түрлі реңдер болады. Фонетика және стилистика. Фонетика тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйеленуін зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация қайталау дыбыс үйлесімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктер белгілі бір мақсатқа икемдеп қайткенде мәнерлі құрал ретінде пайдалану жағын көздейді. Стилистика фонетикалық – единицалардың мәнерлі қолдану заңдылықтарын зерттейді.

### **Тексеру сұрақтары:**

1. Стилистикалық мақсаты не?
2. Стилистиканың міндет?
3. Стилистиканың зерттейтін объектісі.

### **Тірек ұғымдар.**

Қазақ тілінің стилистикасының лингвистикалық пән. Стилистикадағы негізгі ұғым-силь. Силь- латынша сөз , жазу құралы дегенді білдіреді.

### **Әдебиеттер:**

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М.Ташменов, Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974 ж.
2. Ф. Мұсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982

### **Тақырып: Сильдерді топтастыру және олардың түрлері. Қарастырылатын мәселелер:**

1. Сөйлеу стильдері.
2. Жазба стильдер
3. Жазба стильдердің қолданылуы.

Әдеби тіл жалпы хлықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің негізінде қалыптасады. Сондай-ақ жалпы хлықтық тілдің ауызша және жазбаша формалары мен оның стильдерінде тілдік белгілерді сөз тіркесі сөйлем қалай қолдану қажет екендігін көрсетеді . Стилистика тілдің қолдану заңдылықтардың зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу, нормасын көздейді. Тілдік құралдарды дұрыс ұтымды қолдана білудің қоғамдық үлкен мәні бар екендігі.

-Тілдік белгілерді сұрыптап қолдану заңдылықтары әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөз арқылы бейнелейді. Ал, сөз арқылы жеткізілетін сөзбен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады. Егер ой түсініксіз болса, онда сөз де түсініксіз шығады.

-Форма –ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің сыртқы көрінісі

Стиль-ол бегілі ірі қатынастың түрінде тілдік –единицаларға сұрыптап пайдалану арқылы ойды жеткізу мәнерінің көрінісі екендігі.

Форма-тұрақты ұғым. Мысалы,-тілдегі ауызша түрі адам қай кезден бастап сөйлесе содан бері ірге жасап келеді, және бұдан былай да жасай бермек.

Стиль –тілдің бәріне тән құрылыс. **Стиль дегеніміз** өмірдің белгілі бір саласында қолданылып , тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі. Қолданыс табу стилине қарай стильдер мынадай негізгі мынадай топтарға ажыратылады.

### **1. Сөйлеу стили.**

### **2. Кітаби –жазба стиль**

**Сөйлеу стиль.** Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынаста пайдаланылады. Сөйлеу стиль белгілі бір жағдайда тілкелей жасалатын қатынас стиль болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тікелей байланысты. Сөйлеу тілінде жұмсалатын ауыспалы мағынадағы сөздер де құрамы жағынан әр түрлі; қарапайым тұрпайы, жалпылама қолданылатын сөздер болып келеді.

Сөйлеу тілі диалогда құралады. Диалог репликалар тізбегінен тұрады да, қысқа тұжырымды болып келеді. Сөйлеу тілінің ерекше бір түрі –монолог. *Монолог-бір кісінің сөзі.* Монологты сөздер күрделі ойға құрылып, әр түрлі тәсілмен жеткізіледі. Монолог әдеби сөйлеу үлгісіне жатады.

### **Кітаби-жазба стильдер.**

Кітаби-жазба стилидер осының алдында талдау жасалған сөйлеу стиль, сияқты , өмірдің бегілі салаларында пайдаланылып танылған ұлт тілінің нақтылы түрі болып саналады. Олар әр саладағы атқаратын қызметіне *функциясына* қарай іс-қағаздар мен ресми стиль, публицистикалық стиль ғылыми тиль және көркем сөз стилине бөлініп жіктеледі.

Кітаби-жазба стилидер жалпы халықтық тілдің жазбаша формасының, негізінде қалыптасады да, кітаби сипатта болады. Бұл стилидер қатынастың жазбаша формасында жиі жұмсалатындықтан ,мұнда тілдік сұрыпталып қолданылады.Кітаби-жазба стилидер сөйлеу стиліндей тікелей қатынас жасауда көрінбейді.Сондықтан , онда қаралатын –ғылым, заң, жобалары, іс-қағаздары, ресми документтер ж\ е басқа да қоғамдық маңызды мәселелер жан-жақты толық қамтылы, логикалық жүйелілікті бұзатын қажетсіз детальдар болмай, нақтылы дәл жазылуы

керек. Мұндай талап кітаби-жазба стильдердің бәріне бірдей қойылады.

**Жазба стильдердің қолданылуы. Олардың негізгі түрлері мынадай:**

1. Іс-қағаздар стилі.
2. Ресми стиль
3. Публицистикалық стиль (*ауызша және жазбаша*).
4. Ғылыми стиль. 5. Көркем әдебиет стиль.

Іс-қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жіргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс-қағаздары белгілі бма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс-қағаздардың үлгілеріне-өтініш, сенім хат, қол, хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, протокол, акт, рапорт т.б. жатады. Іс-қағаздардың әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады.

Ресми стильдің көлемі. мазмұн және жазылу формасы жағынан іс-қағаздарының біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа түсіп отырады. онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбінесе заң, үкімет орындарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, нота, үкімет хабарлары жазылады. Мұндай мемлекеттік документтерде-саясипублицистикалық лексиканың әкімшілік терминдерінің қолданылуы басым келеді. Публицистика латынша –көпшілік, әлеумет қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Публицистика стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бірде публицистикаөз алдында бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, арқанын көрсетеді.

-Публицистикалық стильге саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы макалалар, шығармалар, шешендік сөздер жатады.

Публицистиканың-жанры әр алуан. Сол жанрлардың түріне ерекшелігіне қарай оның тіл ерекшелігі болады.

Публицистикалық стильдің ауызша түрі-шешендік сөз. Қазақтың ертедегі шешендік сөз тақырыптары: ру тартысы, жер дауы сияқты не тойларда айтылатын мақтау сөздер, ақыл, кеңес, біреу өлгенде көңіл айту т.б.

Ғылыми стиль-жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып , дәлелденуді қажет етеді. Ғылыми шығармалар жалпы халықтың әдеби тілде жазылады. Ғылыми стильдің лексикасындағы

ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналық, образдары сөздер мұнда да кездеседі. Ғылыми салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сан есімдері болады. Мысалы, тіл білімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т.б. -Көркем әдебиет стильді немесе көркем сөз-ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма-өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та-бәрі де қатысады.

Көркем шығарма тілі-проблемалық мәселе. Көркем шығарманы жасайтын жазушы. Шығармадан жазушының өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады.

**Шешендік дегеніміздің** өзі қатар шеңберде алғанда, адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талдап ұқыптылықпен қолдана білу.

-Көркем әдебиет «сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін искусство» Жазушының стилі – көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын әрі жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда көркем сөз стилинің маңызы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады.

Көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір шындығын біліп, тануымызға, ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады.

### **Тексеру сұрақтары.**

1. Сөйлеу стили не?
2. Жазба стилидердің түрлері.
3. Публицистикалық стиль деген не?

### **Әдебиеттер:**

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Ташенов, Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974 ж.
2. Ф. Мұсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982.

## **Тірек ұғым.**

Форма-тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің сыртқы көрінісі. Публицистика-латынша көпшілік, әлеумет деген сөз.

## **Тақырып: Жазба тілдердің қолданылуы Қарастырылатын мәселелер:**

1. Лексикалық стилистика туралы түсінік.
2. Сөйлеу тілінің лексикасы.
3. Қарапайым лексика.
4. Көнерген сөздер мен неологизмдер.

Лексика, лексикология және стилистика бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Лексика деп әдетте тілдегі барлық сөз қорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым, яғни тіл білімінің сөз мағынасын . оның шығу тегін зерттейтін саласы. Ал стилистика әр түрлі стильдерді, мысалды, әдеби тілдің стильдерін, сөйлеу және көркем әдебиет стильдерін зерттейді. Тілдегі сөздердің көпшілігінен белгілі бір стильдік бояу аңғарылады. Соған байланысты өздерінің қолданылу аясына қарай бірнеше лексикалық топқа бөлінеді. Лексика үш салаға бөлінеді: сөйлеу тілі, бейтарап және кітаби лексика. Сөйлеу түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын тілдік құбылыстарды бейтарап немесе стиль аралық лексика деп атайды.

## **Сөйлеу тілінің лексикасы**

Сөйлеу тілі лексикасына тән сөздер: қарапайым сөздер, табу және эвфемизм, диалектизмдер және кәсіби сөздер жатады. Қарапайым сөздер. Табу мен эвфемизмдер көркем әдебиетте әсіресе сөйлеу тілі стилинде жиі қолданылады, сол көркем әдебиет стилинде белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Қарапайым сөздер кейде публицистикалық стильмен де байқалады. Сөйлеу тілі лексикасына стильдік болу жағынан табу сөздер мен эвфемизмдер де жатады. Әлде бір діни нанымға, ескі әдеп-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тиым салынған сөздер табу/эвфемизм/ деп атайды. Бір жағдайды хабарды тура айтпай, түспалдап жеткізетін сөздер табу /эвфемизм/ делінеді.

### **Диалектизмдер. Кәсіби сөздер.**

Диалектизмдер, кәсіби сөздер стилистика мәселесімен тығыз байланысты.. Диалектизм ғылыми, ресми стилінде де қолданылады. Кәсіби сөздер қажетіне қарай стиль түрлерінің қай- қайсысында да бола береді. Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: авторлық реморкада, екіншісі – диалогта. Авторлық реморкада кейіпкер тіліндегімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады.

### **Кітаби лексика.**

Кітаби лексикаға саяси-әлеуметтік терминдер әр алуан техникалық атаулар т.б жатады. Бұлар өздерінің стиль түрлеріндегі қолданылу аясына қарай бір-бірінен өз ара ерекшеленеді. Мысалы: ғылыми стильге, әр түрлі оқулықтар тілінде терминдер, техникамен байланысты сан сала атаулар көбірек ұшырасады.

### **Көнерген сөздер мен неологизмдердің қолданылуы.**

Көнерген сөздер ара-тура сөйлеу тілінен де кездесіп отырады, әсіресе өткен дәуірдегі оқиғаны суреттейтін, тарихи шығармада жиі ұшырасады. Мыс: исі, игі, келе, би, болыс, елу, басы, старшын, тоқал және осы сияқтылар әдеби шығарма стиліндегі белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Көркем әдебиет стилінде қолданылатын көне сөздердің мағынасы қазіргі оқушыға әсересе жастарға , көбінесе түсініксіз келеді .Көнерген сөздер архаизмдер және историзм болып екіге бөлінеді.

### **Неологизм.**

Неологизмдер стиль түрлерінің жалпы қай-қайсысында, тіпті сөйлеу стилінде де азды көпті қолданылады. Олар көбінесе ғылыми стиль мен публицистикалық стильде жиі ұшырасады. Өйткені неологизмдер көбінесе көп сонда /сол стильдерде/ қалыптасады. Бірақ, көркем әдебиет стиліндегі неологизмдер мен өзге стильдердегі неологизмдер бір емес. Осы екі сала неологизм бір-біріне ұқсамайды. Синонимдер публицистикалық стильдерде жиі ұшырасады. Олар мұнда да белгілі бір ойды Жан-жақты түсіндіру, толықтыра түсу мақсатында пайдаланылады. Синонимдер саяси әдебиеттердің өзінде де осындай қызмет атқарады.

### **Лексикалық синонимдердің қолданылуы.**

Синонимдердің қай стильде болса да бәрінде бірдей дәрежеде қолданылмайды. Ресми , ғылыми стильде синонимдердің жеке бір сыңарлары кейде ретіне қарай қолданылады. Ал екі не үш синоним бірдей қатар жұмсалмайды. Бұлар тек публицистикалық және сөйлеу стилінде жұмсалады. Мысалы: ағайын және қарындас сөздерінің өз ара синонимдік сипаты бар. Серт, уәде, ант, сөздері бір-бірімен мағыналық жеке күйінде стиль түрлерінің қай-қайсысына да қолданыла береді. Екеуі, не үшеуі қатар көбінесе көркем әдебиет стилінде, сондай-ақ публицистикалық стильде кездеседі.

### **Тексеру сұрақтары.**

1.

Лексикалық стилистиканың негізгі саласы не?

2. Кітаби лексика деген?
3. Сөйлеу тілінің лексикасы.

### **Тірек ұғымдар.**

Лексикология-сөздік құрамды тексеретін ғылым.

Лексикалық стилистика үш салаға бөлінеді

### **Әдебиеттер.**

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М.Ташменов, Т. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974 ж. 2.
- Ф.Мұсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982

### **Тақырып: Фразеологиялық стилистика.**

#### **Қарастырылған мәселелер:**

1. Фразеологизмдердің стилистика қызметі.
2. Фразеологиялық синонимдердің қолданылуы.
3. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы.

« Фразеология» термині кең мағынасы өте кең «Фразеологиз» термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Тілімізде қолданылатын жеке сөздер мен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол сөз тіркестерінің екі не одан да көп компоненттері болады, бірақ сөз

тіркестері семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіреді.

Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды.

Фразеологизмдерге илиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы – қос сөздер. Қазақ тіліндегі қос сөздер форма жағынан да, семантика жағынан да түрлі-ті болып келеді. Қос сөздер әдетте екі сөзді болады. Құрамында үш сөз бар қос сөздер сирек кездеседі. Қос сөздердің сыртқы белгілері: а) дефис арқылы жазылады. ә) үтір арқылы жазылады, в) сызықшаны да үтірді де керек етпейді. Үтірмен бөлініп жазылған қос сөздерді «күрделі қос сөздер» деп атауға болады.

### **Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері.**

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады;
2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады;
3. Мағына бірлігі сақталады;
4. Екі сөзден кем болмайды.

Фразеология – грек тілінің сәне «**ұғым**», «**ілім**» деген сөздерінен алынған. Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет әсіресе жағымсыз образдарды сипаттайтын илиом, мақал-мәтелдерде аса сезіледі. II. Фразеология – тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы, ғылымның бір саласы.

Фразеология – соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән.

Фразеология – соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән. Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде тіліміздегі фразеологизмдерді құрылысына, мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп тостастырады және тұрақты сөз тіркестерінің құрамын анықтап, оның жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді.

### **Фразеологиялық синонимдердің қолданылуы.**

Тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелердің , бір-бірімен мағына ұқсастығын әдетте фразеологиялық синоним дейді. Мысалы, «жұмған аузын ашпау» «үндемеу» деген сөзге эквивалент болса,

екінші жағынан, тіс жармау деген сөз тіркестеріне эквивалент болады. Фразеологиялық синонимдер екі, үш, төрт, одан да көп болып келе береті байқалады. Мысалы: телегей-теңіз, кел-кесір /көп/ , ит жанды, жылқы мінезді , төзімді. Кейбір фразеологиялық – синонимдер бірінен соң бірі сатылап дамып, сөз тіркестерінің мағынасы кеңейе түскен. Бұдан уақыт пен қашықтықты білдіретін фразеологизмдерді мысалға келтіруге болады: шай қайнатым, сүт пісірім, ет асым т.б.

Фразеологизмдердің бір ерекше сипаты – мақал-мәтелдердің өз ара синонимдес келуі. Мысалы:

I. Алдыңғы арба қалай жүрсе

Соңғы арба солай жүреді.

Фразеологиялық синоним дегеніміз - әр түрлі образға құрылған, бірақ мағынасы бір-біріне жақын, тұрақты сөз тіркестері.

-Фразеологиялық синонимдер бірінен семантикалық реңіне стильдік болуына және қолдану аясына қарай ерекшеленеді. Мысалы, тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяқ ұстатқандай синонимдер ашық, айқын деген ұғымды білдіретін мағынасы жақын сөздердің тіркестері болғанымен, олардың экспрессивті қасиеті қолдану аясы бірдей емес. Мұндай өзгешелікті алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді менсиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды сияқты мақал-мәтелдерден байқай

### **Әдебиеттер:**

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М.Ташменов, Манасбаев. Қазақ тілінің . стилистикасы. Алматы. 1974 ж.

2. Ф. Мүсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982 ж.

### **Тексеру сұрақтары.**

1. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі қандай?
2. Фразеологизмдер жалпыхалықтың формада қолданылама?

### **Тірек ұғымдар.**

Фразеология-грек тілінің сөйлемше және ұғым, ілім деген сөздерінен алынған.

Фразеология –тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы.

## **Тақырып: Морфологиялық стилистика.**

### **Қарастырылатын мәселелер:**

1. Морфологиялық құрылыстың стильдік белгілері.
2. Септік жалғауларының стилистикасы.

Тіліміздегі сөздердің кейбір топтары белгілі бір стильдік салаға тән болып, қалыптасқан жүйеде ғана қолданылатыны тәрізді, кейбір морфологиялық тұлғалардың да бір жүйеде ғана, бір ыңғайда ғана қолдануға бейімділігі көзге түседі.

Қазақ әдеби тілінің құрамындағы стильдік салалар морфологиялық құрамы жағынан бір-бірінен соншама алшақтап кетпейді. Құрамында жиі жұмсалатын морфологиялық тұлғалардың сипатына қарай, жазба стильдері негізінен екі топқа бөлуге болады. Морфологиялық құрамы тұрғысынан кеңсе стилі мен ғылыми стиль бір-біріне жақын, бір-бірімен орайлас.

Ғылыми стильмен кеңсе стилінде аса сирек, тіпті кейде кездеспейтін морфологиялық тұлғалардың бірі сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі шырай түрлері. Әдетте авторлық іске, ойға, қимылға, субъективтік қатынасын білдіретін грамматикалық тәсілдер болып саналатын бұл тұлғалар мыналар:

а) сын есімнің салыстырмалы түрлерін жасайтын аффикстер: **-рақ, -рек** /үлкенірек, сарырақ/ ә) қып-қызыл, сап-сары түрінде, яғни толық мәнді сөздің алғашқы буыны қайталау арқылы, сондай-ақ, өте, аса, тым, тіпті сөздерінің негізгі сын есімдерге тіркесіп келуі арқылы жасалатын күшейтпелі шырай түрлері. Кеңсе және ғылыми әдебиет стилінде ортақ морфологиялық тұлғалар деп мына төмнедегілерді көрсетуге болады: Зат есімдік және сын есімдік түбірден зат есім тудыратын **-лық, -лік, -дық, -дік, тық, -тік** жұрнағы. Бұл арқылы әртүрлі мағыналық топтарға жататын сөздер жасалады. Ондай сөздердің бір сыпырасы азаматтық, дұшпандық, үстемдік тәрізді ұғымдарды білдірсе, бірсыпырасы тереңдік, жуандық, қалыңдық тәрізді за пен құбылыстың әр түрлі қалы мен күйін, жағдайын білдіреді. Бұлардың асым көпшілігі терминдік мән болып, нормаға айналған қалыптасқан атаулар болып кетті.

Халық тілінде белгілі бір зат атауын жасауда ертеден қалыптасқан тәсілдің бірі-етістік сөздерден **-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш**, аффиксі арқылы жаңа сөздер жасау. Сыпырғыш, жапқыш тәрізді сөздер осы жолмен пайда болған.

## **Септік жалғауларының стилистикасы.**

Сөз жүйесінде септік жалғаулары да айрықша көңіл аударуды қажет етеді. Айрықша көңіл аударатын септік жалғауларының бірі ілік септігі.

I. Ілік септіктері сөз конкретті меншікті, тәнділікті білдірмей абстрактылы немесе коллективтік қатынасты білдірген жағдайда: колхоз малы, товар айналымы, мемлекет қаржысы т.б. Бұл жерде жазба тілде қалыптасып келе жатқан салт.

2. Кейде жалпының жалқыға, бүтіннің бөлшекке қатысын білдіретін реттерде де ілік жалғауы түсіріліп айтылуға бейім болады.

3. Мән-мағынасы жағынан айқын анықтауды керек етпейтін жағдайда ілік жалғаулы сөз ең көмекші есімдерден құралған тіркестердің құрамындағы ілік жалғауы түсіріліп айтылады.

4. Күрделі атаулардың құрамында ілік жалғауы бірнеше рет қайталануға тиіс болса, солардың тек біреуі кейде екеуі ғана түсірілмей толық айтылады да, басқалары түсіріліп айтылады.

Барыс жалғауы ісі бағытталған, арналған жанама объект мәнінде кейде жатыс жалғауымен синонимдік қатар құрады.

Қазақ тілінде бірде сөз табыс жалғауымен келеді де, бірде табыс септік мәнді болса да жалғаусыз айтыла береді.

Шығыс жалғауы мынадай мағыналық мәнерлерде қолданылады.

I. Заттың неден істелгендігін білдіреді.

II. Нәрсенің шығар көзін білдіреді.

III. Іс-әрекеттің шығатын, таралатын мекенін білдіреді.

IV. Іс-қимылдың пайда болу, таралу мезгілін, уақытын білдіреді.

Көмектес септік негізінен іс-қимылды не? кім? арқылы жасалғандығын іс-әрекеттің болу ерекшелігін, себебін, орнын, мекенін білдіретіні белгілі. Көмектес жалғауы мекендік мәнде жатыс септік орнына жұмсалады. Қолданылу сипаты тұрғысынан назар аударатын грамматикалық категорияның мәнінде қолданылуы. Сөйлеуде болсын, жазба тілде болсын сын есімдердің заттануы, сөйтіп зат есім мәнінде қолданылуы-сөздің жинағы, ойдың образды болу үшін ұтымды тәсіл

### **Тексеру сұрақтары.**

1. Ғылыми стиль деген не?
2. Септік жалғауларының стилистикасы қандай жасалады?

### **Әдебиеттер:**

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М.Ташменов, Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974 ж.
2. Ф. Мұсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982

### **Тірек ұғым.**

Морфологиялық құрамы тұрғысынан кеңсе стиль мен ғылыми стиль бір-біріне жақын.

Синтаксистік стилистика.

### **Қарастырылған мәселелер.**

1. Синтаксистік стилистика туралы түсінік.

II. Синтаксистік синонимдердің қолданылуы.

Синтаксис сөз тіркесінің сөйлемнің құрылысын зерттейтін грамматиканың бір бөлімі. Бұл бөлімде сөздердің тіркесу қабілеттілігі, байланысы сөз тіркестерімен сөйлемдердің түр-түрі, құрамы қарастырылады. Сонымен қоса тілдің синтаксистік ережелері мен синтаксистік заңдылықтарын айқындау мақсаты көзделеді, тілдің синтаксистік тұлғалары мен синтаксистік құбылыстарын айқындау мен олардың мағыналарының ерекшеліктерін де сөз болады.

Стилистика сөздер қалай тіркеседі, сөйлемдер қалай құралады, олардың тілдегі қалыптасқан жүйелері қалай болады дегендерге жауап іздемейді және олардың қайсысы қандай мағынада айтылады? деп те жатпайды, кісінің мақсатты ойын қалайша дұрыс айтуға болады. Ол міне осы сұраққа жауап іздеу мақсатымен синтаксис мәселелерін қарастырады. Сонда стилистика синтаксистігін тұлғалардың жұмсалуды аясын, мағыналық құбылыстарын тіл жұмсалуды шеберлігі тұрғысынан қарастырады.

Сайып келгенде стилистиканың мақсаты дұрыс сөйлеуге, дұрыс жазуға үйрету.

Шебер суретшінің суреті, композитордың музыкасы, зергердің өнері бәріде нәзіктілікті керек етеді. Онсыз ешбір өнерде шеберлік қасиет болмақ емес. Сөз шеберінің жазғандарына қабын тауып

қиюластырып айтылған, әсерлеп, терең мағына болуға тиіс.

Тілдің ой өрнегін салу қасиетін ұлы Абай сондықтанда былай суреттейді.

Өткірдің жүзі.

Кестенің ізі.

Өрнегін сендей сала алмас.

Ілгенге маржан,

Ілмеске арзан.

Надандар арма ала-алмас

Толғаулы тоқсан, қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл!

Стилистика ғылымы соның бір саласы синтаксистік стилистика, осындай «толғауы тоқсан» тілдің ой өрнегін дұрыс салу мүмкіншілігін қарастырады, сөз маржанын тани білуді, сөйлемді дұрыс құрай білуді үйретеді. Әдеби тілдің қай стилінде болмасын,-оның бәріне тән нәрсе – ой айқындылығы. Ол үшін сөйлем дұрыс құралу керек. Әдеби тіл халық тілінің ең жоғарғы формасы болғандықтан студенттер стилистика пәнін әдеби тіл материалдары негізінде игеруге тиіс.

Синтаксистік синонимдердің қолданылуы.

Жаксы стилист болу сөз зергері болу деген сөз. Сөз зергері мақсатты ойдың тек түсінікті болуын ғана емес көркем әсем алуында көздейді. Тілге сай сөзге жатық кісілер ғана тілінің мүмкіншілігін молынан пайдаланады. Соның бір синонимдер мәндес сөздер, мәндес грамматикалық тұлғалармен синтаксистік тәсілдер, өз орнында дұрыс қолданылса, тілге ерекше мән береді. Қазақ тілі синтаксисінің сондай мүмкіншілігін байқау үшін бірнеше мысал келтірейік.

I. Істің мақсатын білдіру үшін егер.

Мен Алматыға оқуға келдім десек осының тағы қалай айтуға болады, деген сұрақ туады. Осы сөйлемнің пысықтауыш оқуға дегенің синонимдердің тауып сол сөйлемді былай өзгертіп болады.

1. Мен Ташкент оқу мақсатымен келдім.

2. Мен Науайға оқу үшін келдім.

3. Мен Науайға оқығалы келдім.

4. Мен Науайға оқиын деп келдім.

5. Мен Науайға оқысам деп келдім.

6. Мен Навойға оқиыншы деп келдім.

7. Мен Навоиға оқысам қайтер екен деп келдім.

Осылардағы мақсат пысықтауыштардың тұлғалары әр түрлі болғанымен сөйлемдердің негізгі мағыналары мақсаттың бірдей мейке үшін осындай бірдей еместердің үлкен мәні бар.

Қазақ тіліндегі сабақтардың бағыныңқы сыңарлары түрлі тұлғада жұмсалады. Солардың бір-мезгіл бағыныңқы мезгіл бағыныңқы сөйлемнің бірнеше синонимі бар

1. Бригадер келгенде Жақып төсегінен тұрып жатыр еді.

2. Бригадер келген кезде Жақып төсегінен тұрып жатыр еді.

3. Бригадер келсе Жақып төсегінен тұрды.

4. Бригадер келісімен Жақып төсегінен тұрды.

5. Бригадер келе салса Жақып ты төсегінен тұрғызады.

6. Сөйлеу мүшелерін синонимдік ыңғайына қарап түрлендіруде үлкен мән бар. Алдымен мына мысалдарды салыстырыңыз.

Базаралы өз науқасынан өзі хабардар етті.

Ол үйде болған сөздің барлығын маған баяндап берді. Баяндап берді балалар бірін-бірі қайталамай тек сәндік үшін түрленіп тұрған жоқ мағыналық жүгі болғандылықтан да белгілі стильдік қызмет атқарады.

Әбиеттер:

1. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М.Ташменов, Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974 ж.

2. Ф. Мұсабеков. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. Алматы. 1982 ж.

**Тексеру сұрақтары.**

Синтаксистік стира деген не?

Синтаксистік синонимдердің қолданылуы.

**Тірек ұғымдар.**

Синтаксистік сөз тіркесінің , сөйлемнің құрылысын зерттейтін ілім саласы.

## **Мазмуны.**

1.Стилистиканың жалпы мәселелері.

Стилистика пәні және оның объектісі мен оның негізгі салалары.

2.Стилдерді топтастыру және олардың түрлері.

3. Жазба тілдердің қолданылуы.

4. Фразеологиялық стилистика.

5. Морфологиялық стилистика

6.Синтаксистік стилистика

